

РЕСМИ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

Е.Қ.Бөлекпаевты тағайындау туралы

Ермағанбет Қабдулаұлы Бөлекпаев Қарағанды облысының әкімі лауазымына тағайындалсын.

Қазақстан Республикасының Президенті
Қ.ТОҚАЕВ

Астана, Ақорда, 2022 жылғы 8 желтоқсан
№45

Ермағанбет Қабдулаұлы БӨЛЕКПАЕВ

1975 жылы Қарағанды облысы Шет ауданының Өспен ауылында туған.

Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің «Қаржы және несие» және «Құқықтану» мамандықтары бойынша 1996 жылы тәмамдаған, 2003 жылы – А.Гумилев атындағы Еуразия университетінің аяқтаған.

1998 жылдан бері мемлекеттік қызметте. Орталық мемлекеттік органдарда еңбек ету тәжірибесі бар. ҚР Индустрия және сауда министрлігінде түрлі лауазымдарда қызмет еткен. ҚР Парламент Сенаты депутатының көмекшісі болған.

2003-2009 жылдар аралығында Павлодар облысында басшылық қызметтерді атқарған: облыс әкімінің аппараты жетекшісінің орынбасары, Павлодар қаласы әкімі аппаратының жетекшісі, Павлодар ауданының әкімі, облыстың кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының басшысы.

2009 жылдан 2013 жылға дейін ҚР Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттіктің Қарағанды және Оңтүстік Қазақстан облыстарындағы, сондай-ақ Астанадағы басқармаларына жетекшілік еткен.

2013 жылдың маусымынан 2018 жылдың ақпанына дейін Астананың Сарыарқа, Алматы және Есіл аудандарының әкімі болған.

2018 жылдың ақпанынан ҚР Президенті Әкімшілігінің мемлекеттік инспекторы қызметін атқарған.

2018 жылдан 2020 жылға дейін Қарағанды облысы әкімінің орынбасары қызметін атқарды.

2020 жылдың қыркүйегінен бүгінгі күнге дейін Қарағанды қаласының әкімі болып қызмет атқарды. «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталған.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

Ж.М.Қасымбекті тағайындау туралы

Жеңіс Махмұдұлы Қасымбек Астана қаласының әкімі лауазымына тағайындалсын.

Қазақстан Республикасының Президенті
Қ.ТОҚАЕВ

Астана, Ақорда, 2022 жылғы 8 желтоқсан
№46

Құрметті оқырман!

ОБЛЫСТЫҚ «ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН» ГАЗЕТІНЕ 2023 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ НАУҚАНЫ ЖҮРІП ЖАТЫР

Газетке жазылуды «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, Еркемов көшесі, 33-үй, 8-қабат мекенжайы бойынша редакцияда ресімдеуге болады

Санаттар	Жеткізусіз	«Қазпошта» АҚ Қала (теңге)	«Қазпошта» АҚ Аудан/ауыл (теңге)
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін		6 ай 5848,50 12 ай 11697,00	5919,00 11838,00
Жеке жазылушылар үшін	12 айға 4116	6 ай 3100,50 12 ай 6201,00	3111,00 6222,00

Санаты	Жеткізусіз	«Қазпошта» АҚ каталогымен қала бойынша	«Қазпошта» АҚ каталогымен аудан/ауыл
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін		10257,00	10470,00
Жеке жазылушылар үшін	3492	5577,00	5706,00

Анықтама телефоны:
8 771 528 86 46, 8 702 656 70 61
E-mail: otidel.pochtovoy@bk.ru

Өндірісті өңірде – жаңа әкім



Облыс халқының әл-ауқатын одан әрі арттыру, аймақтың экономикалық өсімін қамтамасыз ету Қарағанды облысына тағайындалған жаңа әкім Ермағанбет Бөлекпаевқа тапсырылды. Облыстық мәслихаттың 178 депутатының 138-і ашық дауыс беру арқылы Президент ұсынған кандидатураны мақұлдады. Жаңа әкімді облыс активіне ҚР Премьер-Министрі Әліхан Смайылов пен Президент Әкімшілігінің Басшысы Мұрат Нұртілеу таныстырды.

Салтанат ІЛІЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Аймақ әкімі лауазымына екі кандидатура ұсынылды. Қарағанды қаласының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев және облыстың мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасының басшысы Сержан Аймақов қарағандылықтарға жақсы таныс.

– Қазақстан дамуының жаңа кезеңіне аяқ басты. Президент сайлауы, Конституцияға өзгерістер енгізу, билікті қайта жүктеу тәрізді шаралар еліміздің егемендігін одан әрі нығайтуға ықпал етпек. Мемлекет басшысының ауқымды саяси бастамаларын жүзеге асыру бүкіл мемлекеттік аппаратты жаңғыртуды талап етуде. Облыс, республикалық маңызы бар қала әкімдерін лауазымға мәслихат депутаттарының қолдауымен Президент тағайындайды. Осы мақсатта біз Мемлекет басшысының тапсырмасымен облыс әкіміне кандидатураларды таныстыру үшін келдік, – деген Әліхан Смайылов Президенттің хатын оқыды.

Ашық дауыс беру нәтижесінде Сержан Аймақовтың кандидатурасын 40 депутат, Ермағанбет Бөлекпаевтың кандидатурасын 138 депутат қолдады.

Ермағанбет Қабдулаұлы депутаттар алдында алдағы қызметінің қысқаша бағдарламасын ұсынды. «Аймақтың даму жоспарлары мен өзекті мәселелерін жақсы білемін» деген ол ел үмітін ақтау – басты жауапкершілігі екенін де қадап айтты.

– Қарағанды облысы – республикадағы алдыңғы қатарлы өңірлердің бірі.

Өндірістік өлке болғандықтан, өндіріс саласын дамыту, оның ішінде өңдеу саласын қолға алып, инвестиция тарту – бүгінгі күні өзекті, – деді ол.

Кеншілер мәселесі де – Ермағанбет Бөлекпаевтың жоспарының негізгі бөліктерінің бірі. Жұмыскердің мүддесін қорғау үшін кәсіподақ ұйымдарымен, ірі кәсіпорындармен, кеншілермен бірлесе отырып, проблемалық мәселелерді шешу жүйелі түрде жалғаспак. Одан бөлек, тұрақты жұмыс орындары құрылып, жалақыны арттыра отырып, тауарларға, оның ішінде, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік бағасының өсуіне де жол бермеу қажеттігін алға тартты.

Жалпы, Ермағанбет Қабдулаұлының бағдарламасы облыстағы барлық саланы дамытуды көздейді. Ішкі азық-түлік қауіпсіздігі үшін ауыл шаруашылығын, экономиканың драйвері ретіндегі шағын және орта кәсіпкерлікті қолдауға, облыс экономикасын жақсартуға, өңірлік көлік әлеуетін одан әрі арттыруға, жолаушылар тасымалын жақсартуға, облыс орталығымен қатар, моноқалалардағы

жылыту жүйесі проблемаларын реттеуге бар күш-жігерін салатынын айтты. Сондай-ақ, Теміртау қаласындағы ЖЭС-ті жаңғырту мәселесін өзі тікелей қадағалайтын болады.

Халықтың әлеуметтік осал топтарын, жұмысшы адамдарын, кеншілерді тұрғын үймен қамтамасыз ету және тағы да өзге мәселелер Ермағанбет Бөлекпаевтың тікелей назарында болмақ.

– Менің басты ұстанымым – тұрғындармен ашық пікір алмасу әрі ақылдаса отырып, жұмыс жасау. Ел Президенті айтқан Жаңа Қазақстанды құру мақсаты айқын. Көздеген мұратқа жетуге облысымыздың әр азаматы атсалысады деген ойдамын әрі қолдауларыңызға сенемін, – деді ол.

Әліхан Смайылов өз кезегінде Қарағанды облысы еліміздегі ең маңызды өңірлердің бірі екенін айта келе, Ермағанбет Қабдулаұлы облыстың әл-ауқатын арттыруда өзінің күш-жігері мен білімін жұмсайтынына сенім білдірді. Ал, Үкімет өз тарапынан бұл үшін барлық қажетті көмекті көрсетпек.

Тарих толқынындағы тоқсан жыл

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Биыл Сәкен Сейфуллин атындағы облыстық академиялық қазақ драма театрының «ГРАМ» жұмысшы жастар театры ретінде ашылғанына – 90 жыл. Бір ғасырға жуық арқа жұртына алуан тақырыпта қойылым қойып, көрерменнің эстетикалық талғамын қалыптастырған, сахнада өнер көрсетсем деген актерлердің бірнеше буынын есейткен қарашаныраққа халық «Арқаның Ақсарайы» деген атақ берген. Арқа Ақсарайының атаулы күнінде «Тарих толқынындағы тоқсан жыл» атты мерекелік қойылым қойылып, салтанатты жиын өтті. Оған Мәдениет және спорт министрлігі, Мәдениет комитеті төрағасының орынбасары Айдан Қапашев, облыс әкімінің орынбасары Ербол Әліқұлов бастаған зиялы қауым өкілдері, республиканың түпкір-түпкірінен сахна өнерінің саялақтары арнайы келіп қатысты.



● ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТ СЕССИЯСЫ

Салтанат ІЛИЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бюджет бекітілді: Басымдық – әлеуметтік салада

Қарағанды облыстық мәслихатының хатшысы Серік Өтешовтің төрағалығымен өткен кезекті XXI сессияда облыстың 2023-2025 жылдарға арналған бюджеті бекітілді. Бұған дейін үш жылдық кезеңге арналған бюджет жобасы облыстық мәслихаттың тұрақты комиссияларының отырыстарында егжей-тегжейлі талқыланған болатын. Оны қарау барысында депутаттар 60-тан астам ұсыныс енгізген. Нәтижесінде, бюджет қаржысының қомақты бөлігі, яғни, жартысынан көбі әлеуметтік салаға бағытталмақ. Атап айтар болсақ, әлеуметтік сала нысандарын кезең-кезеңімен жөндеу және олардың материалдық-техникалық базасын жаңарту жалғасады. Одан бөлек, пациенттерді тегін дәрілермен қамтамасыз ету және мемлекеттік спорттық және өзге де тапсырыстарды іске асыру қарастырылады.

Облыстық бюджет түсімі – 430,4 млрд. теңге

Жыл сайын депутаттар облыстық мәслихаттың соңғы сессиясында үш жылдық кезеңге арналған облыстық бюджетті бекіту туралы мәселені қарастырады. Оған дейін, бір ай көлемінде депутаттар атқарушы органдармен бірлесіп, бюджет қаражатын жұмсаудың басым бағыттарын талқылаған. Бұл туралы жан-жақты мәліметті облыстық қаржы басқармасының басшысы Людмила Башарина ұсынды.

– Облыстық бюджетке түсімдер 430,4 млрд. теңге сомасында жоспарланған. Оның 63 пайызы әлеуметтік салаға бағытталды десек, негізінен әлеуметтік сала нысандарына жұмсалды. Сонымен қатар, кезең-кезеңімен нысандарға жөндеу жұмыстарын жүргізу және материалдық-техникалық базасын жаңарту жалғасады. Сондай-ақ, науқастарды тегін дәрімен қамтамасыз ету, мемлекеттік спорттық тапсырыстарды да іске асыру қарастырылған. Бюджет қаражаты есебінен облыстағы мемлекеттік ақпараттық саясат та жүргізіледі, – дейді Людмила Башарина.

Басқарма басшысының ақпараты бойынша экономиканың нақты секторының сапалы және орнықты дамуын қамтамасыз етуді қолдауға, сондай-ақ бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыруға арналған қаражат шығыстардың жалпы көлемінің 21,8 пайызын құрайды. Атап айтқанда, бұл агроөнеркәсіптік кешенді дамыту және арттыру, кәсіпкерлікті, шағын және орта бизнесі қолдау, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын дамыту, өңірлік көлік инфрақұрылымын жаңғырту және цифрландыруды технологиялық жаңғырту үшін жағдай жасау.

Сондай-ақ, облыстық экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін «Қоршаған ортаны қорғау» іс-шаралар жоспары аясында шығындар да қарастырылған. Одан бөлек, бюджет қаражатының жалпы көлемінің 5,1 пайызы өңірдегі құқықтық тәртіпті қорғау және ішкі тұрақтылықты сақтауды қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларға жұмсалған.

Тағы айта кетері, 2023 жылы облыста республикалық бюджет есебінен 3,9 млрд. теңге сомасында нысаналы трансферттер мен бюджеттік кредиттер бөлу жоспарда. Осы қаражат есебінен білім беру нысандарының құрылысы, жылу, газ және сумен жабдықтау, көлік инфрақұрылымы жобаларын қаржыландыру жалғасады.

Людмила Башаринаның айтуынша, облыс бюджеті экономиканың барлық саласын қамтиды және ең алдымен әлеуметтік міндеттемелерді сапалы орындауға бағытталған.

– Депутаттық корпус бір жарым ай ішінде ауқымды жұмыстар атқарды. Облыс бюджеті өзге



2023 жылы облыста республикалық бюджет есебінен 3,9 млрд. теңге сомасында нысаналы трансферттер мен бюджеттік кредиттер бөлу жоспарда. Осы қаражат есебінен білім беру нысандарының құрылысы, жылу, газ және сумен жабдықтау, көлік инфрақұрылымы жобаларын қаржыландыру жалғасады.

жылдармен салыстырғанда біршама артқанын байқауға болады. Дегенмен, әлі де болса шешімін таппаған мәселелер жеткілікті. Бірақ, жоспар бар. Келесі жылдың бюджетін бекіту барысында олардың бәрі мұқият таразыланып, оң шешімін табады деген сенімдемін, – деді облыстық мәслихат хатшысы Серік Өтешов.

2023 жылғы бюджет былтырғыдан 4-5 пайызға жоғары

Үш жылдық кезеңге арналған облыстық бюджет жобасы бойынша қорытындыны облыстық мәслихаттың депутаты, бюджет және жергілікті басқару мен өзі-өзі басқаруды дамыту жөніндегі тұрақты комиссияның төрағасы Қайрат Біржанов мәлімдеді.

– Облыстық мәслихат депутаттары бюджетті талқылауға белсенді түрде қатысты. Мәселен, жергілікті атқарушы органдардың 2023-2025 жылдарға арналған бюджет жобасы туралы баяндамаларын тыңдау барысында депутаттардан 68 түрлі өзекті ұсыныс түсті. Бұл ұсыныстардың барлығына бюджеттік бағдарлама әкімшілері тиісті жауаптарын берді. Депутаттардың ұсыныстары өмірдің барлық салаларын қамтиды. Олар ауыз сумен жабдықтау, көлік инфрақұрылымы, әлеуметтік сала, техникалық-кәсіптік білім беру, денсаулық

сақтауды дамыту, табиғатты пайдалануды реттеу, сондай-ақ өңірді дамыту мәселелері, – дейді Қайрат Біржанов.

Депутаттар көтерген мәселелердің барлығы өзекті болуына байланысты назардан тыс қалмайтынын айтып отыр. Сәйкесінше, алдағы үш жылда орындалуы тиіс.

Облыстық бюджет жобасы – бұл барлық әлеуметтік міндеттемелер орындалатын, аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуының рөлін анықтайтын облыстың негізгі қаржылық құжаты. Қайрат Біржанов облыстың 2023 жылғы бюджеті 2022 жылмен салыстырғанда 4-5 пайызға өскенін айтады.

– Депутаттардың да, жергілікті атқарушы органның да міндеті – облыс бюджетін Президенттің Қазақстан халқына арнаған Жолдауында және сайлауалды тұғырнаамасында айтылған міндеттерді уақытылы және сапалы орындауға қамтамасыз ететіндей қалыптастыру. Оған әлеуметтік маңызы бар мәселелер, тұрғындарды жұмыспен қамту, білім беру және спорт, одан бөлек коммуналдық шаруашылықты қамтамасыз етуі кіреді. Депутаттар облыстық бюджетті қалыптастыру кезінде нақты осы мәселелерді назарға алды, – дейді Қайрат Біржанов.

Облыстық мәслихаттың бюджет және жергілікті басқару мен өзі-өзі басқаруды дамыту жөніндегі тұрақты комиссияның төрағасы уәкілетті органдар ұсынған 2023-2025 жылдарға



Депутаттар көтеретін мәселелердің барлығы өзекті болуына байланысты назардан тыс қалмайды. Сәйкесінше, алдағы үш жылда орындалуы тиіс.

арналған бюджет жобасы Бюджет заңнамасына сай келетінін айтады.

Кез келген өтініш аяқсыз қалмайды

Облыстық мәслихат хатшысы Серік Өтешов сессия барысында 2022 жылы атқарылған шараларға тоқталды. Биыл өнеркәсіп, білім беру, денсаулық сақтау, спорт, шағын және орта бизнес, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, агроөнеркәсіптік кешен өкілдері ретінде 38 депутат өз өкілеттіктерін жүзеге асырған.

– 2022 жылы облыстық мәслихат депутаттары 11 сессия өткізді. Оның 4-еуі кезекті түрде өтсе, 7-еуі – кезектен тыс. Сессия нәтижесінде 125 шешім қабылданды десек, оның 22-сі әділет органдарында тіркелетін нормативтік-құқықтық сипатта. Сондай-ақ, көрсетілетін арнаулы әлеуметтік қызметтер де депутаттар назарынан тыс қалған емес. Облыс әкімі де өзіне жүктелген функциялар мен міндеттердің орындалысы туралы депутаттар алдында есеп беретінін

стық мәслихат хатшысы.

Өңірдің өзекті мәселелерін қарау барысында тұрақты комиссия отырыстарына жергілікті атқарушы орган өкілдері де шақырылатынын айту керек. Бұл өз кезегінде аймақтың жағдайын толық ескеруге мүмкіндік береді.

Облыстық мәслихат жұмысы – халықтың назарында. Мәселен, жыл басынан облыстың бұқаралық ақпарат құралдарында депутат жұмыстары туралы екі жүзге тарта материал жарық көрген.

Депутаттар азаматтардың кез келген өтінішін аяқсыз қалдырған емес. Серік Балғатайұлы онлайн режимде де жұмыс жүргізілетінін айтты. Өз құзыреті аясында мемлекеттік органдармен бірлесіп жұмыс жасаған олар биылғы жылы 422 өтініш қарап, тиісті органға 314 сұраныс жіберген. Сайлаушылар көтеретін мәселелердің дені автомобиль жолдары, экологияны жақсарту, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар тасымалы және көлік қызметтерінің сапасы, білім беру, жұмысқа орналастыру, әлеуметтік қорғау, медициналық көмек, коммуналдық мәселелерге қатысты.

Игерілмеген қаражат қайтарылмайды

Өткен жылы қабылданған 2022-2024 жылдарға арналған қоршаған ортаны қорғау бойынша іс-шаралар жоспарына облыстың екіге бөлінуіне байланысты түзетулер енгізілген.

Облыстың табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының басшысы Серік Нұржановтың айтуынша, 4 млрд. теңгеге 32 іс-шара жоспарланған. Оның 11-і биыл аяқталмақ. Бірақ, проблемалық мәселелер де жоқ емес. Басқарма басшысының айтуынша, биылғы жылдың бір айында игерілуі тиіс 31 млн. теңгеден астам қаражат игерілмей қалуы мүмкін.

Сонымен қатар, биыл өрт және патрульдік көліктерді сатып алуға қатысты қиындықтар туындауда. Оның себебі – өндірушілерде индустриалдық сертификаттың болмауында. Нәтижесінде, қаржы өртке қарсы техникаларды сатып алуға бағытталған.

– Қоршаған ортаны қорғауға бағытталатын қаражат тиісті жылы игерілмей қалатын болса, бюджетті нақтылау кезінде алынып тасталмайды. Яғни, игерілмеген қаржы келесі



2022 жылы облыстың денсаулық сақтау ұйымдары 43 санитарлық көлікке толыққан. Нәтижесінде 2021-2022 жылдары алынған көлік саны 103-ке жетті.

